

Жамбыл облысы әкімдігінің  
2018 жылғы «01» қарашадан  
№213 Қаулысымен  
бектіген



Утвержден  
Постановлением № 213 акимата  
Жамбылской области  
от «01» ноября 2018 года



**«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы  
Жамбыл облыстық психикалық денсаулық орталығы»  
шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік  
коммуналдық кәсіпорының**

## **ЖАРҒЫСЫ**

### **УСТАВ**

**Государственного коммунального предприятия на праве  
хозяйственного ведения «Жамбылский областной центр  
психического здоровья Управления здравоохранения акимата  
Жамбылской области»**

**«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жарғысы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын ұйымдық - құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорын «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты кейбір кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру туралы» Жамбыл облысы әкімдігінің 2018 жылғы «01» қарашадан № 213 Қаулысына сәйкес қайта ұйымдастырылды.
3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Жамбыл облысы әкімдігі (бұдан әрі - жергілікті атқарушы орган) болып табылады.
4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.
5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - басқару органы) болып табылады.
6. Кәсіпорынның атауы: «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Ленин көшесі, 99 үй.

**2-тарау. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі**

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.
9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.
10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.
11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

**3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары**

12. Кәсіпорын қызметінің мәні «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексіне (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес мамандандырылған психиатриялық, наркологиялық медициналық көмек көрсету, психикалық бұзылушылықпен зардап шегетін тұлғаларға мамандандырылған кәсіби білікті емдеу–диагностикалау, консультативті, профилактикалық көмек көрсету, медико-әлеуметтік (соның ішінде жасырын түрде емделу) және әлеуметтік-еңбекпен оңалту, сондай-

ак шектеулі психикалық бұзылушылықпен ауыратын тұлғаларға (ерлер, әйелдер және балаларға) стандарттар талаптары мен диагностикалау және емдеу хаттамаларына сай ерікті және мәжбүрлеп емдеу түрінде стационарлық және амбулаториялық, сондай-ақ күндізгі стационар жағдайында, уақытша бейімдеу және детоксикация орталығында (медициналық айықтырғыш), тәулік бойы алкогольді және есірткілік мас жағдайына сараптау кабинетінде көмек көрсету болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты халықтың психикалық денсаулығын сақтау және нығайту, елдің тұрақты әлеуметтік-демографиялық дамуын қамтамасыз ету, психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдарға психикалық және мінез-құлықтық бұзылулармен байланысты ауруларды диагностикалау, емдеу және алдын алу стандарттарының хаттамалары негізінде мамандандырылған медициналық психиатриялық (медициналық-әлеуметтік (оның ішінде анонимді), психотерапиялық, медициналық-психологиялық, сексопатологиялық, наркологиялық) көмек көрсету, өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- 1) клиникалық зертханалық диагностика;
- 2) диагностика;
- 3) ересектерге мына мамандықтар бойынша стационарлық көмек:  
психотерапия, медициналық психология; наркология; жалпы терапия; невропатология; фтизиатрия; стоматология; гинекология; иммунология; жалпы хирургия; жалпы психиатрия;
- 4) балаларға мына мамандықтар бойынша стационарлық көмек:  
наркология; невропатология; жалпы педиатрия; фтизиатрия; стоматология; гинекология; жалпы хирургия; жалпы психиатрия;
- 5) сараптама:  
сот-наркологиялық; сот-психиатриялық;
- 6) кәсіби жарамдылық сараптамасы;
- 7) ересектерге мына мамандықтар бойынша консультациялық-диагностикалық көмек:  
наркология; стоматология; жалпы психиатрия; невропатология, сексопатология;
- 8) ересектерге мына мамандықтар бойынша стационарды алмастыратын көмек:  
наркология;
- 9) балаларға мына мамандықтар бойынша консультациялық-диагностикалық медициналық көмек:  
наркология; невропатология; жалпы педиатрия; стоматология; жалпы психиатрия;
- 10) ересектерге және балаларға мына мамандықтар бойынша стационарлық көмек:  
медициналық оңалту, қалпына келтіретін емдеу:  
емдік дене шынықтыру; физиотерапия;  
зертханалық диагностика:  
жалпы клиникалық; серологиялық; биохимиялық; иммунологиялық зерттеулер;  
диагностика:  
функционалдық; ультрадыбыстық; рентгенологиялық;
- 11) ересектерге және балаларға мына мамандықтар бойынша стационарды алмастыратын көмек:  
зертханалық диагностика:  
жалпы клиникалық, серологиялық, биохимиялық, иммунологиялық зерттеулер;  
медициналық оңалту, қалпына келтіретін емдеу:  
емдік дене шынықтыру; физиотерапия;
- 12) балаларға мына мамандықтар бойынша стационарлық көмек:

психиатрия;  
наркология,  
невропатология, педиатрия;

13) ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша амбулаториялық емханалық көмек:

консультациялық-диагностикалық көмек:

психиатрия, наркология;

медициналық реабилитология, қалпына келтіретін емдеу;

емдік дене шынықтыру, физиотерапия;

зертханалық диагностика:

жалпы клиникалық, серологиялық, биохимиялық, иммунологиялық зерттеулер;

диагностика:

функционалдық, ультрадыбыстық;

14) ересектерге мына мамандықтар бойынша стационарлық көмек:

психиатрия;

наркология,

невропатология, жалпы терапия;

15) ересектерге мына мамандықтар бойынша стационарды алмастыратын көмек:

трансфузиология;

психиатрия;

медициналық психология, психотерапия, наркология;

16) кәсіби жарамдылық сараптамасы;

17) ересектерге мына мамандықтар бойынша стационарлық көмек:

трансфузиология;

18) Уақытша бейімдей және детоксикация орталығында арнайы медициналық көмек көрсету;

19) прекурсорлардың айналымына байланысты қызмет (денсаулық сақтау саласында):

прекурсорларды пайдалану, прекурсорларды жою, прекурсорларды сатып алу, прекурсорларды сақтау;

20) психотроптық айналымына байланысты қызмет (денсаулық сақтау саласында):

психотроптық заттарды пайдалану, психотроптық заттарды жою, психотроптық заттарды сатып алу, психотроптық заттарды сақтау;

21) есірткі айналымына байланысты қызмет (денсаулық сақтау саласында):

есірткі заттарды пайдалану, есірткі заттарды жою, есірткі заттарды сатып алу, есірткі заттарды сақтау;

22) иондандырушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды пайдалану: жалпы пайдаланымдағы медициналық рентген жабдықтарды;

23) «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін көрсету;

24) «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметін көрсету;

25) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қызмет түрлерімен айналысу.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі басқару органның немесе мемлекеттік

мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

#### **4-тарау. Кәсіпорынды басқару**

##### **17. Басқару органы:**

1) Қызметтің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (қызметтердің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) Жергілікті атқарушы органға Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын айқындау жөнінде, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын кәсіпорынның түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына және кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

5) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорынға берілген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

6) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

8) Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

9) Кәсіпорынның таза табыстың белгіленген бөлігін республикалық бюджетке толық және уактылы аударуына бақылауды жүзеге асырады;

10) Кәсіпорын басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

11) Жыл сайын кәсіпорынның енбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорындар үшін кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының және бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгілейді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

##### **18. Жергілікті атқарушы органы:**

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

2) Кәсіпорынның жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (қызметтердің) міндетті көлемін анықтайды;

4) Кәсіпорынның даму жоспарларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

5) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

6) Коммуналдық мүлікті кәсіпорынға бекітеді;

7) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

8) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдайды;

9) кәсіпорын мүлкінің сақталуына және пайдаланылуына бақылауды қамтамасыз етеді;

10) Кәсіпорынның мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оның тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

11) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен өзіне жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

20. Кәсіпорынның басшысы оның органы болып, сондай-ақ Жарғының 5 тарауында көзделген жағдайларда Бақылау кеңесі болып табылады.

21. Басқару органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы рәсімдейді.

22. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Заңнамамен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер Заңнамалық актілерімен және осы жарғымен өзгеше белгіленбесе.

23. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады.

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін басқару органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) жеке жауаптылықта болады:

каржы - шаруашылық қызметіне және Кәсіпорын мүлкінің сақталуы үшін;

таза табыстың белгіленген бөлігін уақтылы бюджетке аудармағаны үшін.

11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, жүктелген басқа да функцияларды жүзеге асырады.

24. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

## **5-тарау. Бақылау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорынды басқарудың ерекшеліктері**

25. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің мынадай өкілеттіктері бар:

1) басқару органына шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдынала бекітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін басқару органына ұсыныстар енгізеді;

5) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басшысының тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша басқару органның ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) Бақылау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) басқару органына шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар тұжырымдайды;

10) басқару органына шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) басқару органына шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді.

26. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның Бақылау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

27. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның Бақылау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, басқару органның, байқау кеңесі мүшесінің немесе шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын басшысының талап етуі бойынша шақыруы мүмкін.

28. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

29. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

30. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

## **6-тарау. Кәсіпорынның мүлкі**

31. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

32. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

33. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

34. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

35. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы тармақта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін қарастырылған талаптар мен тәртіптер бойынша жүзеге асырылады.

36. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

37. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

38. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

39. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңның 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

40. Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығындағы) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен басқару органның ұсынымы бойынша мыналарға:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;

4) қарыздар беруге құқылы.

41. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

42. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі немесе меншік иесі (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган, жергілікті атқарушы орган) өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 40 және 41 - тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

## **7-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру**

43. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

44. Кәсіпорындар таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

45. Кәсіпорын өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

46. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

### **8-тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

47. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 407 269 852 (төрт жүз жеті миллион екі жүз алпыс тоғыз мың сегіз жүз елу екі) теңге 00 тиынды құрайды.

Жарғылық капиталды құрылтайшы Кәсіпорынды мемлекеттік тіркеу кезінде толық қалыптастыруы тиіс.

### **9-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі**

48. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және жергілікті атқарушы органның келісімі бойынша қаржылық есептіліктің тиісті халықаралық стандарттарына сай Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

49. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

50. Бақылау кеңесі бар кәсіпорын кәсіпорынның қаражаты есебінен Бақылау кеңесінің, басшының, жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша өткізілуі мүмкін жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізеді.

### **10-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

51. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

52. Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе басқару органның іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдай болса. Бұл жағдайларда мемлекет шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

### **11-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

53. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын жергілікті атқарушы орган белгілейді.

54. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын (шаруашылық жүргізу құқығындағы) дербес айқындайды.

55. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін жергілікті басқару органы белгілейді.

## **12-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас**

56. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

57. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

## **13 - тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

58. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

59. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

60. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі жергілікті атқарушы органды қайта бөледі.

61. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

## **14-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

62. Коммуналдық Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар жергілікті атқарушы орган енгізеді.